

ҚРҰБ Төрағасының «2021 жылғы қаңтар-наурыздағы
әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық
бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 12 сәуір

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы бірінші тоқсандағы жаһандық қаржы және тауар нарықтарындағы белгісіздік пандемияның үшінші толқынының басталуына, жаңа, барынша агрессивті COVID-19 штамдарының пайда болуына, сондай-ақ вакциналардың өндірісі мен таралуының шектеулі болуына байланысты өсті.

Халықты вакцинациялау қарқыны **әлемдік экономиканы қалпына келтірудің басты шартына** айналды.

Израиль, АҚШ, Ұлыбританияны қоса алғанда, дамыған елдер жаппай вакцинацияны бірінші болып бастады, аурудың төмендеуін тіркеп, қатаң шектеулерді біртіндеп алып тастады. Израиль басқа елдерден озып, биылғы жылғы сәуірде ересек тұрғындардың вакцинациялануын аяқтауды жоспарлап отыр.

Еуроодақта коронавирус таралуының жоғары деңгейіне және вакциналарды жеткізудегі кідірістерге, соның ішінде өндіруші елдердің **вакциналық протекционизміне**

**ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Вакциналау қарқыны бойынша дамушы елдер дамыған елдерден айтарлықтай артта қалып отыр, бұл әлемдік

н

ы

экономиканың біркелкі қалпына келуіне едергі келтіреді. Вакцинациямен ілгерілеу есебінен **дамыған елдер рецессиядан бірінші болып шығады** және әлемдік экономиканың өсу драйверлеріне айналады.

Халықаралық валюта қоры сәуірдегі баяндамасында әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжамды 2021 жылы **5,5%-тен 6%-ке** дейін жақсартты, оның ішінде дамыған елдер бойынша – **4,3%-тен 5,1%-ке** дейін, дамушы елдер бойынша – **6,3%-тен 6,7%-ке** дейін жақсартты. Қазақстан бойынша Халықаралық валюта қоры **3,2%** деңгейінде өсуді күтуде, бұл алдыңғы болжамнан **0,2** проценттік тармаққа жоғары.

Биылғы жылғы наурызда жаһандық экономикалық белсенділік индексінің **53,2** тармақтан **54,8** тармаққа дейін өсуі әлемдік экономиканың қалпына келу белгілерін растайды, бұл соңғы **6,5 жылдағы ең жоғары** көрсеткіш болып табылады. Индекске АҚШ үлкен үлес қосты, онда индекс **59,7**-ге жетті, бұл жеке сектордағы 2014 жылдан бергі ең тез қалпына келуді білдіреді, сонымен қатар Германия, Ұлыбритания, Үндістан, Австралия және Қытай ең көп үлес қосты.

Қазақстандағы іскерлік белсенділік индексі **2019 жылғы желтоқсаннан бастап құрылыстағы** белсенділіктің төмендеуі кезінде **көрсетілетін қызметтер мен өнеркәсіп** секторындағы көрсеткіштің жақсаруы есебінен **49,0-ден 50,6-ға** дейін ұлғайып, **алғаш рет** өсу аймағына шықты.

Сонымен қатар, жаңа шектеулерді енгізу іскерлік белсенділікке әсер етеді және біздің бағалауымыз бойынша,

Қазақстан экономикасының өсуін 2021 жылы 3,2%-ке дейін 0,5 проценттік тармаққа баяулатуы мүмкін.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДАҒЫ ДАМУШЫ ЕЛДЕР ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ ӘЛСІРЕУ ТӘУЕКЕЛІ АРТТЫ

Инфляциялық күтулердің өсуі және COVID-19-ға қатысты үдеп келе жатқан белгісіздік жағдайында **дамушы елдер валюталарының әлсіреуі** жалғасуда.

Еуропадағы **эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы АҚШ долларының нығаюына және дамушы елдер валюталарының әлсіреуіне** алып келді. АҚШ долларының DXY индексі бір айда **2,6%-ке** өсті, ал дамушы елдердің валюта индексі J.P.Morgan бір айда **1,1%-ке** әлсіреді.

Биылғы жылғы наурызда **АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының жоғары кірістілігі** АҚШ долларының нығаюымен қатар тәуекел активтерінің тартымдылығын айтарлықтай төмендетті.

Дамушы елдердің орталық банктері **инфляцияның өсуі** нәтижесінде **негізгі ставкаларды көтерді**. Мәселен, **Ресей Орталық Банкі** биылғы жылғы наурызда ставканы **4,5%-ке** дейін **0,25%-ке** көтерді, **Түркия Орталық Банкі** ставканы **19%-ға** дейін **2%-ға** көтерді, **Бразилия Орталық Банкі** ставканы

Нәтижесінде инфляцияның жеделдеуін күту **дамушы елдер** орталық банктерінің монетарлық саясатты қатаңдатуға **көшуге** алып келуде.

ИНФЛЯЦИЯ

Биылғы жылғы наурызда нан-тоқаш өнімдері, ет, қант және жеміс-көкөніс өнімдері бағасының баяу өсуі аясында

азық-түлік инфляциясының 11,6%-тен 10,7%-ке дейін баяулауы есебінен инфляция 7,4%-тен 7,0%-ке дейін баяулады.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция өндірушілер бағасының өсуіне байланысты бензин бағасының күрт өсуі нәтижесінде 5,2%-тен 5,6%-ке дейін жылдамдады.

Ақылы қызметтердің инфляциясы 3,9%-тен 3,7%-ке дейін баяулады, бұған тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлеріне тарифтердің төмендеуі алып келді.

2021 жылдың соңына қарай инфляция 4-6% нысаналы дәліздің жоғарғы шегіне дейін төмендейтіні күтілуде.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫ

Биылғы жылғы наурызда **азық-түлік инфляциясының** бәсеңдеуіне қарамастан, ол бұрынғысынша **екі таңбалы өсу** аймағында сақталуда.

Азық-түлікке шектеулі ұсыныс пен әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуі аясында жекелеген азық-түлік өнімдерінің қымбаттауы байқалады. Азық-түлік инфляциясына май, қант, жұмыртқа, жемістер мен көкөністердің үлесі **35%-тен асады.**

Азық-түлік инфляциясының баяулауына қарамастан, азық-түліктің әлемдік бағасының қымбаттауына байланысты жекелеген тауарлар бағасының жоғары өсу тәуекелі сақталуда.

ФАО деректері бойынша азық-түлік бағаларының индексі **10** ай қатарынан өсіп келеді және биылғы жылғы наурызда өсімдік майларына, дәнді дақылдарға, сүт өнімдеріне және

қантқа бағаның өсуі нәтижесінде 2014 жылғы маусымнан бастап **ең жоғары мәндерге** жетті.

Азық-түлікке әлемдік бағалардың ағымдағы серпіні сақталған кезде ішкі тұтыну нарығында **проинфляциялық тәуекелдер** күшейе түседі. Осылайша, азық-түлік инфляциясын тұрақтандыру 2021-2022 жылдары **инфляцияны** белгіленген дәлізде **ұстап тұрудың** негізгі факторы болып табылады.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

Биылғы жылғы наурызда **теңгенің айырбастау бағамы** келесі себептермен бір АҚШ доллары үшін **424,97** теңгеге дейін **1,9%-ке** әлсіреді.

Біріншіден, биылғы жылғы наурызда **мұнай бағасы** бір баррель үшін **63,54** АҚШ долларына дейін **3,9%-ке** төмендеді.

Вакцинация қарқынының төмендеуіне, жаңа, агрессивті COVID-19 штамдарының пайда болуына және барынша қатаң оқшаулау шараларына оралуға байланысты тәуекелдер энергия тасымалдаушыларға сұранысты қалпына келтіру бойынша инвесторлардың күтулеріне әсер етті.

Биылғы жылғы наурыздың қорытындысы бойынша АҚШ-тағы мұнай қоры да артты. Биылғы жылғы 1 сәуірде

О

П

Екіншіден, АҚШ қазынашылық облигациялары крістілігінің өсуі аясында **доллар дамушы нарықтардың валюталарына қатысты нығаяда.**

Нәтижесінде түрік лirasы **11,1%-ке**, Индонезия рупиясы –

М

Ұ

Н

2,0%-ке, Ресей рублі – **1,6%-ке** әлсіреді. Бұл ретте, санкциялар тәуекелдерінің күшеюі жалпы үрдістерден басқа Ресей

у Бұл жағдайда республикалық бюджетке трансферттер бөлу шеңберінде **Ұлттық қор активтерін конвертациялау мен квазимемлекеттік сектор компанияларының экспорттық валюта түсімінің бір бөлігін сатуы** теңгеге қолдау көрсетті.

н Наурызда ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына шетел инвестицияларының ағыны айтарлықтай баяулады және биылғы жылғы ақпандағы **178 млрд.** теңгемен және қаңтардағы **174 млрд.** теңгемен салыстырғанда **18 млрд.** теңгені құрады.

е Биылғы жылғы сәуірде тәуекел активтеріне сентимент тәуекелінің жалпы нашарлауы аясында дамушы нарықтардың активтерінен бейрезиденттердің нетто-әкетілуі байқалады. 9 сәуірде теңге бағамы мынадай себептер бойынша жыл басынан бері бір АҚШ доллары үшін **2,9%-ке** әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін **433,17** теңгені құрады.

и **ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ**

н 2020 жылы төлем балансының ағымдағы шоты алдын ала бағалау бойынша **(-)5,9 млрд.** АҚШ долларымен салыстырғанда соңғы деректер бойынша **(-)6,3 млрд.** АҚШ долларымен қалыптасты.

к **Сауда балансының** профициті 2019 жылы **18,1 млрд.** АҚШ долларымен салыстырғанда 2020 жылы **10,5 млрд.** АҚШ долларына дейін **42,1%-ке** төмендеді. Тауарлар экспорты **19,7%-ке** немесе **11,5 млрд.** АҚШ долларына қысқарды.

н

а

ы

Тауарлар **импорты 9,6%-ке** немесе **3,8 млрд. АҚШ** долларына қысқарды.

Негізгі сауда серіктестеріне ЕО елдері, Ресей және Қытай жатады. Сонымен қатар, **импорттың** негізгі көлемі **Ресейден келеді**, оның үлесіне **34,9%** тиесілі. Ресейден **азық-түлік импорты** 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда **8,4%-ке** ұлғайып, **1,9 млрд. АҚШ** долларын құрады. Ресейдің азық-түлік тауарларын импорттаудағы үлесі 2000 жылдан бері алғаш рет **50%** шегінен асып, 2020 жылы **50,7%-ке** жетті.

Жергілікті өндіріс үшін ішкі ресурстар болған жағдайда, Ресейдің тауарлар импортындағы жоғары үлесі төлем балансына қысым жасайды. Осы жағдайларда **импортқа базалық тәуелділікті төмендету** үшін ішкі өндірісті ынталандыру, оның ішінде өңірлік өндірістік орындарға енгізу шеңберінде ынталандыру және кейіннен импортқа тәуелділікті төмендету шараларының кешенін қабылдау қажет.

ҰЛТТЫҚ ҚОР

Ұлттық қордың активтері қорға қаражат түсімдерін бөлудің асып кетуіне байланысты бір айда **523 млн. АҚШ** долларына төмендеп, биылғы жылғы наурыздың соңында **57,1 млрд. АҚШ** долларын құрады.

Биылғы жылғы наурызда нысаналы және кепілдік берілген трансферттерді **322 млрд. теңгеге** немесе **765 млн. АҚШ** доллары көлемінде бөлу үшін **695 млн. АҚШ** доллары сатылды.

Ұлттық қорға наурызда түскен **түсімдер** барлығы **65 млрд. теңгені**, оның ішінде шетел валютасында **100,6 млн.**

немесе **42,7 млрд.** теңгеге тең балама мөлшерді құрады.

Ұлттық қордың бір айдағы оң **инвестициялық кірісі 72 млн.** АҚШ доллары немесе **0,13%** болды. Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 1-тоқсанда инвестициялық табыс **-182 млн.** АҚШ долларын құрады.

Акциялардың өсуі, сондай-ақ облигациялар мен алтынның оң түзетілуі аясында инвестициялық табыс жыл басынан бастап 9 сәуірге дейін өсті және **580 млн.** АҚШ доллары болды.

АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ

Алтынвалюта резервтері биылғы жылғы наурызда **млрд.** АҚШ долларына дейін **1,13 млрд.** АҚШ долларына төмендеді, резервтердің **70%-тен** астамының құлдырауы алтын құнының бір унция үшін доллардан **1685** долларға дейін немесе **4,5%-ке** төмендеуі аясында **алтын портфелін қысқартуға** тура келді. Алтын жоғары құбылмалылықты көрсетіп, сәуірдің басынан бастап алтын бағасы бір унция үшін **1744** долларға немесе **%-ке** дейін өсті, бұл алтын портфелін **756 млн.** АҚШ долларына қалпына келтіруді қамтамасыз етті.

Биылғы жылғы наурызда **еркін айырбасталатын валютадағы активтердің** төмендеуі, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің еурооблигацияларын өтеуге, сондай-ақ жобаларды Мемлекетаралық Банктің қаржыландыруына байланысты **Ұлттық Банк клиенттерінің коршоттардағы қаражаты мен салымдарының 335 млн.** АҚШ долларына

төмендеуі есебінен **317 млн. АҚШ долларын** құрады.
Мемлекеттік борыш төлемі 72 млн. АҚШ доллары болды.

Нәтижесінде биылғы жылғы наурызда **жалпы халықаралық резервтер 90,64 млрд. АҚШ долларын** құрады.

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

БЖЗҚ зейнетақы активтері биылғы жылдың басынан бері халықтың қаражатты **мерзімінен бұрын алуына** байланысты **0,3 тлрн. теңгеге** немесе **12,6 тлрн. теңгеге** дейін **2,3%-ке** төмендеді. Салымшылар енгізген зейнетақы жарналарының көлемі **299,1 млрд. теңгені**, зейнетақы төлемдері – **77,1 млрд. теңгені** құрады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық табыстың мөлшері **367,2 млрд. теңгені** құрады. Биылғы жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша инфляция **1,9%** кезінде **2,8%** мөлшерінде **кірістілік** алынды. **Инвестициялық қызмет**, сондай-ақ зейнетақы активтерін **нарықтық және бағамдық** қайта бағалау нәтижесінде **нақты кірістілік** қамтамасыз етілді.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ

Биылғы жылғы 9 сәуірдегі жағдай бойынша **1,0 тлрн. теңгеден** аса сомаға салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бойынша **210,8 мың** өтініштері орындалды. Алынған жинақтардың **99,4%-ін** азаматтар тұрғын үй мәселелерін шешуге жұмсады.

4 басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруына

2,5 млрд. теңгеге зейнетақы жинақтары берілді.

Өңірлер бойынша бөлуде Маңғыстау облысының, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының үлесіне барлық алып қоюлардың **60,2%-і** тиесілі болды.

ДЕПОЗИТТЕР

Жыл басынан бері банк жүйесіндегі **депозиттер 22,5 тлрн.** теңгеге дейін **2,1%-ке** ұлғайды, оның ішінде **ұлттық валютада – 3,9%-ке** немесе **14,4 тлрн.** теңгеге дейін **535,0 млрд.** теңгеге, шетел валютасында **0,9%-ке** немесе **8,2 тлрн.** теңгеге дейін **77,5 млрд.** теңгеге азайды.

Депозиттердің долларлану деңгейі 2021 жылғы ақпанда **2013 жылдан бергі ең төменгі мән 36,2%-ке** жетіп, төмендеуді жалғастырды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 9 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге **1,1 тлрн.** теңгеге **1 472** өтінім келіп түсті, банктер **607,3 млрд.** теңгеге **874 қарыз** берді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша биылғы жылдың 9 сәуірде кәсіпкерлер **745,6 млрд.** теңгеге **2 956** өтінім берді, **751,2 млрд.** теңгеге **7 532** қарыз берілді, оның ішінде бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен **178,9 млрд.** теңгеге **2 863** қарыз берілді.

2021 жылғы 2-тоқсанда қаражатты толық игеру күтілуде, 2021 жылдың қорытындысы бойынша **800 млрд.** теңгеге **8 500 жобаны** қаржыландыру күтілуде.

3. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 2021 жылғы 8 сәуірде **681,3 млрд.** теңгеге **56 994 өтінім** қабылданып, оның ішінде **308,8 млрд.** теңгеге **26 010 қарыз** берілді.

4. «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық бағдарламасы бойынша 2021 жылғы 8 сәуірде **1,1 тлрн.** теңгеге **119 103 өтінім** алынды, **451,3 млрд.** теңгеге **50 109 қарыз** берілді. Бағдарламаны қаржыландыруды **600 млрд.** теңгеге дейін ұлғайтуды ескере отырып, оның игерілуін **2021 жылдың соғына дейін** аяқтау күтілуде.

ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Ұлттық Банк нарықпен бірлесіп екі негізгі құрамдас бөліктен тұратын Ұлттық **төлем жүйесін** құру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Мезеттік төлемдер жүйесін дамыту үшін қажетті нормативтік-құқықтық база қалыптастырылды, ол жүйенің мәртебесі мен қызмет ету ерекшелігін анықтайды. Нарық қатысушыларымен бірге сәйкес Жол картасы бекітілді, түрлі клиент категориялары арасында төлем жасау сценарийлері айқындалды.

Қазір Мемлекет басшысының тапсырмасымен мемлекеттік органдармен бірлесіп осы жүйенің негізінде **азаматтардың әлеуметтік әмиянын** енгізу және қолдану үшін **пилоттық жобаны** ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жүйені пилоттық енгізу ағымдағы жылдың 4 тоқсанына жоспарланған.

Ел ішінде төлем карточкалары бойынша операцияларды өңдеу үшін **банкаралық жүйесін** қалыптастыру шеңберінде нарық қатысушыларымен бірге сәйкес Жол картасы бекітілді. Жүйенің жұмысына функционалды және техникалық талаптар әзірленді.

Сондай-ақ Қазақстанның жергілікті жүйесімен өзара іс-қимыл моделін анықтау бойынша **халықаралық төлем жүйелерімен келіссөздер** жалғасуда. Ұлттық Банк келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, жергілікті жүйе жұмысының неғұрлым тиімді тетігін айқындайды.

Назарларыңызға рақмет!